


# Келер шақтың түрлері (Болжалды келер шақ)



# Келер шақ

Келер шақ қимылдың, іс- әрекеттің сөйлеп тұрған сәттен кейін болатынын білдіреді. Мысалы: Ол мектепке ерте бармақ. Сендер үйге келесіңдер.

Бұл сөйлемдегі бармақ, келесіңдер деген етістіктер бару, келу қимылдарының әлі болмағанын, бірақ келешекте болатынын білдіріп тұр.

Келер шақ жасалуы мен  
мағынасына қарай

Болжалд  
ы келер  
шақ

Мақсатты  
келер шақ

Ауыспал  
ы келер  
шақ






## Болжалды келер шақ

Болжалды келер шақ қимылдың, іс-әрекеттің болу мүмкіндігін айқын көрсетпей, болжай ғана айтылады.

Болжалды келер шақ есімшенің **-ар,-ер, -р,** болымсыз етістіктен кейін **-с** жұрнағы қосылу арқылы жасалады да, ол етістік үш жақтың бірінде жіктеліп жұмсалады.

Мысалы: Біз бар-ар-мыз. Сен оқы-р-сың.

Сіздер кел-ме-с-сіздер



Ескерту. Болжалды келер шақ –с жұрнағы арқылы болымсыз етістіктен жасалғанда, қимыл, іс-әрекеттің болмауын болжай, күмән келтіре айтудан, білдіруден гөрі жігерлі, үзілді-кесілді мән беруге бейім болады: **бар-ма-с-пын, кел-ме-с-пін**. Кейде I жақ жіктік жалғауы – **пын,-пін** ықшамдалып, **-н** түрінде ғана жұмсалады. Мысалы, бар-ма-с-пын бар-ма-н, сөйле-ме-с-пін сөйле-ме-н болып та қолданыла береді. Мұндай тұлғалы етістіктер поэзияда да жиі кездеседі:

Ескі бише отырман бос мақалдап,  
Ескі ақынша мал үшін тұрмын  
зарлап.

(Абай)

## *Болжалды келер шақтың жіктелу үлгісі*

жақ	жекеше	көпше
I	бар-ар -мын, кел-ме-с-пін	бар-ар-мыз, кел-ме-с-піз-
II	бар-ар-сың, кел-ме-с-сің бар-ар-сыз, кел-ме-с-сіз	бар-ар-сыңдар, кел-ме-с-сіңдер бар-ар-сыздар, кел-ме-с-сіздер
III	бар-ар, кел-ме-с	бар-ар, кел-ме-с

# Қосымша

- Орхон-Енисей ескеркіштерінде де келер шақ есімшенің –ар,-ер,-ыр,-ір,-р,-ур,-үр жұрнақтары арқылы жасалған: қабысар, қалур(қалар), қорқыр(қорқар) т.б
- Келер шақтың болымсыз түрі –ма,-ме және есімшенің -з(-с) жұрнағы арқылы жасалған: білмез (білмес),келмез(келмес) көрмез(көрмес) т.б.



136-жаттығу. Оқып шығып, болжалды келер шақты білдіріп тұрған етістіктерді тауып, қалай жасалып тұрғанын түсіндіріңдер.

Үлгі: жетер-есімшенің **-ер** жұрнағы арқылы жасалған

### Мақал-мәтелдер

1. Жақсыменен жолдас болсаң, жетерсің мұратқа,  
Жаманмен жолдас болсаң, қаларсың ұятқа.
2. Ерлік пен бірлік жеңіске жеткізер.
3. Семіздікті қой ғана көтереді.
4. Ексең егін, ішерсің тегін.
5. Тозбас жасау болмас,  
Бас білмес асау болмас

1+

# СЕРГІТУ СƏТІ

CD-ROM





**1-топ**


**(көерермін, жазармын)**

**2-топ**

**(оқырмын, сөйлермін)**

**3-топ**

**(қалар, білмес)**

A cartoon illustration of a young girl with blonde pigtails and a young boy with brown hair, both smiling. They are holding a large purple rectangular sign. The background is a soft-focus landscape with green grass and white daisies under a bright sky.

**Болжалды келер шақ  
жұрнақтарын  
пайдаланып, сөйлем  
құраңдар.**

# 137-жаттығу.

Көшіріп жазып, болжалды келер шақты білдіріп тұрған етістіктің астын сызыңдар .

Бақыты оянған ерлердің  
Әрбір ісі оң болар.

Дәулеті күнге артылып,  
Не қылса да, мол болар.

Тазылары түлкі алып,  
Қаршығасы қаз іліп,

Сөз сөйлесе жөн болып,  
Не десе де жарасар...

(Асанқайғы)

**Айдын көлге жарасар  
Жағалай біткен қоғасы.  
Бәйбішеге жарасар  
Отаудағы сабасы.  
Ер жігітке жарасар  
Қолындағы найзасы.  
Жақсы болса азамат,  
Халқына тиер пайдасы.  
(Омар Хаям)**





**138-жаттығу.**

**Келер, жазар, көрінбес, оқыр** деген келер шақ етістіктерін жекеше, көпше түрде жіктеп жазыңдар.





## Үйге тапсырма:

- 139-жаттығу. Төмендегі етістіктерді жекеше, көпше түрде жіктеп, әрқайсысына сөйлем құраңдар.
- Ойнамас. Күлер. Жазар.

# Бағалау

